

**Сәтбаев қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 281 "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2020 жылғы 21 ақпандағы № 505 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 ақпанда № 5716 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының негізінде қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 281 "Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4812 болып тіркелген, 2018 жылғы 15 маусымдағы "Шарайна" № 23 (2316) газетінде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылғы 18 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы*

*И. Бралин*

*Т. Хмилярчук*